

"Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтауды, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 731 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1704 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 57 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.01.2013 № 57 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтауды, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 731 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 31, 343-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтау , көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтауды, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары осы қаулының қосымшасына сәйкес ж а ң а р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1704 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 23 тамыздағы  
№ 731 қаулысымен  
бекітілген

**Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

1. Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтау және көтерме саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың:

1) қойма үй-жайларының - тек меншік құқығында немесе жалға алынған (сатып алу-сату немесе жалға алу шарттары) алкоголь өнімдерін сақтауға, қабылдауға және босатуға арналған мамандандырылған стационарлық үй-жайлардың.

Алкоголь өнімін сату кезінде қойма үй-жайлары қоршауының шекарасы балалар мекемелері мен білім беру ұйымдары қоршауының шекарасына дейін бір жүз метрден астам радиуста орналасуы тиіс;

2) қойма үй-жайларына автомобиль және/немесе темір жол кіреберістерінің;

3) коммуникациялық жүйелердің - суық сумен жабдықтаудың, кәріздің, жылудың, электрмен жабдықтаудың, желдетудің, сондай-ақ өртке қарсы қорғаныш құралдарының, өрт сигнализациясының (өрт күзетінің);

4) температуралық өлшеуді қамтамасыз ететін сенімді құралдардың;

5) сақтау кезінде сапасын жоғалтуына жол бермейтін МЕМСТ белгілеген талаптарға сәйкес келетін (температуралық режимді және басқа да өлшемдерді, тауарлық көршілестікті және сақтаудың өзге де шарттарын сақтау) сақтау

шарттарының

болуын

қамтиды.

2. Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың:

1) меншік құқығында немесе жалға алынған (сатып алу-сату немесе жалға алу шарттары) сауда үй-жайының және тауарды қабылдауға, сақтауға және сатуға дайындауға арналған үй-жайды қамтитын стационарлық үй-жайдың.

Алкоголь өнімін сату кезінде стационарлық үй-жай қоршауының шекарасы балалар мекемелері мен білім беру ұйымдары қоршауының шекарасына дейін бір жүз метрден астам радиуста орналасуы тиіс;

2) фискальдық жады бар бақылау-касса аппараттарының;

3) сапасы бойынша стандарттар мен техникалық шарттардың міндетті талаптарына сәйкес келетін сатуда бар тауарды қоюға арналған витриналардың (аспалы, мамандандырылған), сөрелердің және басқа да жабдықтардың;

4) сақтау кезінде сапасын жоғалтуына жол бермейтін МЕМСТ белгілеген талаптарға сәйкес келетін (температуралық режимді және басқа да өлшемдерді, тауарлық көршілестікті және сақтаудың өзге де шарттарын сақтау) сақтау шарттарының болуын қамтиды.